

Г.М. Смагулова\*, Б.Т. Тулеуова, К.Т. Қарсыбек

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан  
(E-mail: gynara2005@mail.ru; b\_t\_tuleuova@mail.ru; karsybekova22@gmail.com)*

## Трансұлттық элиталардың қалыптасуы және негізгі топтары мәселесінің кейбір тұстары

Мақала халықаралық қатынастар жүйесінде маңызды орын алатын әлемдік экономикалық саясаттағы трансұлттық элиталарға арналған. Көптеген зерттеушілер қазіргі кезде әлемдегі трансұлттық элиталарды үш негізгі топқа бөліп көрсетеді: Ватикан, Ротшильдтер және Рокфеллерлер топтары. Авторлар да трансұлттық элиталардың басында тұрған осы негізгі үш топтың қалыптасуын, олардың бизнес саласындағы негізгі бағыттары және қаржы саясатын жүргізудің кейбір тұстары қарастырыған. Бұл топтардың тарихтары тереңде жатыр. Сол себепті олардың ұлттық экономикаға қарағанда қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық белсенділігі өте жоғары. Қазіргі жаһандану заманында мемлекеттердің ұлттық экономикасының күш-қуаты трансұлттық компаниялармен байланысты. Басқаша айтқанда бизнес-элитаның өкілдері әлемдік экономикаға ықпал етеді, барысын өзгерте алады. Мемлекеттердің экономикасы олардың саяси, мәдени және әлеуметтік салаларымен тікелей байланысты екенін ескерсек, онда осы үдерісте трансұлттық компаниялар мен трансұлттық элиталардың қаншалықты маңызды рөл атқаратынын білу маңызды. Мақалада осы мәселенің кейбір тұстары көрсетіледі.

*Кілт сөздер:* халықаралық қатынастар, жаһандану, трансұлттық элиталар, трансұлттық корпорациялар, Ватикан тобы, Ротшильдтер тобы, Рокфеллерлер тобы.

### Кіріспе

XXI ғасырда әлемнің барлық жерлерінде ауқымды өзгерістер жүріп жатыр. Өзгерістер өмірдің экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени тәрізді маңызды салаларын қамтып отыр. Жаһандық әлемдік үдерістер өте күрделене түсуде. Әсіресе халықаралық экономикалық қатынастардың жедел әрі қарқынды дамуы мемлекеттер арасындағы өзара байланыстарды өзгертті. Ол заманауи технологиялардың бірігуі, материалдық, биологиялық және цифрлық әлем арасындағы әдеттегі шекаралардың бұзыла басталуымен сипатталады. Бұл өзгерістерге саяси және бизнес-элиталар күшті ықпалы етеді. Олар біртұтас корпоративтік элитаны құра отырып, трансұлттық құрылымға да ие болды. Басқаша айтқанда қазіргі уақытта жаңа әлемдік элита — трансұлттық элита пайда болып, оның қалыптасу үдерісі жүріп жатыр.

Трансұлттық элита ұғымы ғылыми әдебиеттерде өте жиі кездеседі. Бұл ұғымның геосаясатқа, геоэкономикалық үдерістерге тигізетін ықпалы тұрғысынан жақсы қарастырылып жүр.

Трансұлттық элиталардың әлеуметтік-экономикалық негізін бірнеше мемлекеттер мен елдер тобының халықаралық нарықтарында үстем жағдайды иемденетін немесе иеленуге ұмтылатын ірі бизнес-қауымдастықтар немесе трансұлттық корпорациялар — ТҰК құрайды.

Енді осы трансұлттық элита ұғымы немесе түсінігі туралы қандай анықтамалардың бар екендігіне тоқталатын болсақ, нақты бір анықтама жоқ. Зерттеушілердің әрқайсысы өзіндік анықтама береді, бірақ олардың барлығының да трансұлттық элитаға байланысты түсініктері ортақ. Біз ресейлік зерттеуші А.П. Кочетков берген анықтаманы дұрыс деп есептейміз, яғни «трансұлттық элиталар — бұл жекелеген мемлекеттердің ішіндегі үкіметтік реттеуді емес, жеке меншіктік реттеуді қалайтын, жаһандық деңгейде жедел әрекет етуге қабілетті акторлар» [1; 4-5].

Трансұлттық элита ұғымы екі сөзден құралғанын ескере отырып, бірінші тұрған «трансұлттық» сөзінің мағынасына тоқталатын болсақ, ол ұлттың, елдің шекарасынан тыс, халықаралық немесе аймақтық ұйымдардың қызметімен байланысты дегенді білдіреді. Ал элита терминінің шығуы туралы ресейлік ғылыми элиологияның негізін салушы Г.К. Ашин былай деп түсіндіреді: «Элита» латынның «*eligerе*» деген сөзінен шыққан, мағынасы «таңдау» дегенді білдіреді. Бірақ элита термині кейіннен француз тіліндегі «*elite*», яғни «ең жақсы», «таңдаулы» деген сөзімен байланысты кең көлемде танымал болды. Бұл ұғым XVII ғасырдан бастап үнемі өзгеріп отырды және оны қолдану аясы кеңейе

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: gynara2005@mail.ru

түсті. «Таңдаулы адамдар» — қоғамның ең жоғарғы өкілдері, ақсүйектер; таңдаулы әскери бөлім, бұдан басқа өсімдіктер мен жан-жануарларға байланысты – «ең жақсы тұқым» деп қолданыла бастады. 1823 жылғы Оксфорд сөздігі бойынша Англияда бұл термин әлеуметтік иерархия жүйесіндегі жоғары әлеуметтік топтарға байланысты қолданылған» [2].

Трансұлттық элиталар трансұлттық корпорациялармен тікелей байланысты болғандықтан, трансұлттық корпорация ұғымына да қысқаша тоқталып өткен дұрыс тәрізді.

Трансұлттық корпорация дегеніміз — шетелдерде құнды заттары, яғни активтері бар ұлттық монополиялар. Қазіргі кезде трансұлттық корпорациялардың халықаралық экономикалық қатынастардағы рөлі күшейіп отыр. Кейбір мәліметтер бойынша «өткен ғасырдың аяғында ТҰК саны тез өсті. Мәселен, егер 1970 жылы олардың саны 7 мыңға жуық болса, бүгінде 82 мыңнан астам ТҰК тіркелген. Сонымен бірге компания филиалдарының саны миллионға жақындап келеді. ТҰК-лардың дүниежүзінде өкілдіктері бар» [3].

ТҰК басым бөлігі АҚШ-та, Еуропалық одақ елдерінде және Жапонияда тіркелген. Олардың қатарын қазір Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің компаниялары толықтыруда.

#### *Тақырыптың зерттелу деңгейі*

Бүгінгі таңда трансұлттық элиталар және олармен байланысты мәселелер халықаралық қатынастар мен әлемдік саясаттағы өзекті сұрақтардың қатарында тұрғандықтан, зерттеушілер тарапынан да оған үлкен қызығушылық байқалады. Соған қарамастан трансұлттық элита мәселесі аз зерттелген. Қолжетімді зерттеулердің басым көпшілігі шетелдік авторлардың еңбектері болып табылады. Атап айтатын болсақ К. Скоузен өз еңбегінде трансұлттық элиталардың әдеттегі ұлттық элиталардан айырмашылығын [4] көрсетсе, В. Робинсон дамушы елдердегі Батысқа қарай бағытталған трансұлттық элиталардың қалыптасып келе жатқандығын жазады [5]. Жаһандық әлемдегі трансұлттық элиталар мәселелерін жан-жақты қарастырған зерттеулердің бірі ретінде А.П. Кочетковтың монографиясын айтуға болады [1].

Трансұлттық элиталар мәселесін В.Г. Иванов трансұлттық саясаттағы маңызды орын алатын жеке ұжымдық акторлар және олар үлкен қоғамдық топтардың, әртүрлі деңгейдегі ірі бизнес өкілдерінің қызығушылықтарын қанағаттандырушылар деп қарастыра отырып, трансұлттық элита түсінігін шетелдік еңбектерге талдау жасау арқылы зерттейді [6].

Зерттеуші А.А. Вартумян өзінің «Транснациональные элитные группы: группа Ватикан» деп аталған мақаласында ірі трансұлттық элиталардың ішінде 1000 жылдан астам қызмет етіп келе жатқан және ең ірі қаржылық-экономикалық құрылым болып табылатын Ватикан тобының ерекшеленуіне тоқталады, сонымен бірге Ватикан тобында өкілдіктердің кең желісі бар екендігін, әртүрлі аймақтардағы экономикалық және саяси тұрақтылық сақталуына елеулі әсер ететіндігін көрсетеді [7].

«Антология «мировой закулисы» еңбегінің авторлары трансұлттық элиталардың өкілдері болуымен үлкен қызығушылық тудырады [8]. Бұл еңбек ағылшын және француз тілдерінен аударылған, сонымен қатар Д. Рокфеллер, Г. Ротшильд және басқа да трансұлттық элиталар өз естеліктерімен бөліседі. Сондықтан бұл антологияны әлемдік саясат пен экономиканы басқарудың тетіктері, болашақтағы әлемдік тәртіптің жоспарлары туралы сараптамалық талдау түріндегі еңбек ретінде қабылдаған дұрыс тәрізді.

Трансұлттық элиталар туралы Г. Киссинджер, З. Бжезинский, М. Тэтчер тәрізді мемлекет және қоғам қайраткерлері де өз еңбектерінде айтады.

Ал қазақстандық ғалымдар мен зерттеушілердің арасында, өкінішке орай, трансұлттық элита мәселесін зерттегендер кездеспейді.

#### *Зерттеу әдістері*

Мақаланы жазу барысында жалпы ғылыми әдістер тобына жататын талдау және синтез, логикалық және жіктеу әдістері басшылыққа алынды. Аталған әдістер арқылы трансұлттық элиталарға байланысты деректер мен ғылыми зерттеулер жинақталып, жүйеленді. Жинақталған мәліметтерге талдау жасалып, сарапталды. Сонымен бірге трансұлттық элиталардың негізін қалаған Ватикан, Ротшильдтер және Рокфеллерлер топтарының қалыптасуы мен дамуы барысын анықтауда, оларды баяндауда тарихи-хронологиялық әдіс қолданылды. Бұл әдіс ғылыми зерттеулерде көрсетілген Ватикан, Ротшильдтер және Рокфеллерлер топтарының қалыптасқан жылдарын, олар құрған жекелеген институттардың жылдарын нақтылауда көмектесті, соған байланысты аталған топтар туралы қарастырғанда міндетті түрде хронологиялық әдіс пен принцип басшылыққа алынды.

*Мәселені талқылау*

Зерттеушілер қазіргі кезде әлемдегі трансұлттық элиталарды үш негізгі топқа бөліп көрсетеді: Ватикан, Ротшильдтер және Рокфеллерлер топтары [1; 39]. Бұл топтар бірнеше ғасырлар бойы қалыптасты. Сондықтан олардың әрқайсысының қалыптасуы мен дамуының тарихы бар және өзіндік дәстүрге ие. Соларға жіктеп тоқталайық.

*Ватикан тобына* келетін болсақ, өзінің аты айтып тұрғандай Ватиканмен байланысты. Яғни бұл топ католиктік қаржы-экономикалық элита мен басында Ватикан тұрған еуропалық католик ақсүйектерді біріктіретін топ.

Ватикан — 1929 жылы құрылған Еуропадағы қала-мемлекет. Ол Римнің орталық көшелерінің біріндегі 44 гектар жерді алып жатыр. Онда Рим Папасының резиденциясы, Әулие Петр соборы, Апостоль сарайы, Сикстин капелласы секілді жылына миллиондаған туристер тартатын, әлемдегі ең әдемі ғимараттар орналасқан. Сондай-ақ Ватикан БҰҰ жүйесіндегі 7 ұйым мен агенттікте өзінің мүшелігін, тағы 8 ұйым мен 5 аймақтық құрылымдарға бақылаушы мәртебесін тіркеді.

Еуропаның католик дінін ұстанатын ақсүйектерін дәстүрлі түрде Ватикан қолдап отырады. Бұл дәстүр ХХІ ғасырда да жалғасын тауып отыр. Атап айтқанда Еуропаның ең қымбат активтері болып табылатын жер және жылымайтын мүліктерге де католиктік ақсүйектер ие. Олардың ақшаларын Ватикан бақылап отыр.

Бүгінде Ватикан мыңдаған жылдар бойы қызмет етіп келе жатқан және өз жақтастарына идеологиялық, рухани тұрғыдан әсер етіп қана қоймай, сонымен бірге ең ірі қаржылық-экономикалық құрылым, маңызды үлкен жүйе болып табылады.

Ватиканның негізгі активтерін жер және жылжымайтын мүлік, банктер мен қаржылық топтар, бағалы қағаздар және халықаралық несие қызметі құрайды. Ол ұзақ уақыт бойы қаржылық қызметін бақыланатын қаржылық құрылымдар арқылы жүзеге асырды, ал 1942 жылы өзінің жеке банкін құрды.

Ватикан банкі — әлемдегі ең ерекше банк болып есептеледі. Мамандардың пікірінше бұл банк бірде-бір қаржы заңнамасын ұстанбайды; салық және құқық қорғау органдары банк қызметкерлерінен қандайда бір болмасын сұрақтар қоюға, жауаптар алуға құқықтары жоқ; клиенттік базаны электрондық тәсілмен өңдемейді; есептерін ешқашан жарияламайды; көлеңкелі, қалай пайда болған ақша екендігі туралы анықтамасы болмасада «қара ақшаны» қабылдап, ол туралы «ақ» мәлімет береді [7]. Бұдан шығатын тұжырым — Ватикан банкі жабық банк. Корпорациялар мен бизнесмендер, католик дініне сенушілерден жиналған ақшаны сақтау үшін Ватикан банкі ең тиімді жер болып есептеледі.

Ватиканның үш негізгі табыс көзі бар: 1) Ватикан Банкі (Діни істер институты); 2) «Әулие Петрдің тиыны», яғни сенушілердің Рим папасына жеке қайырымдылық жасаудан түсетін қаржы; 3) Өздерінің меншікті кәсіпорындары.

Сарапшылар католик шіркеуі әлемдегі ең бай ұйымдардың бірі екенін айтады. Ватиканның өзі өз активтерін 10 миллиард еуроға бағалайды, оның 9 миллиарды бағалы қағаздар және 1 миллиарды — жылжымайтын мүлікте екендігін жазады [9].

Ватиканның жылжымайтын мүлігін Қасиетті Тақтың мүлкін басқару (APSA) құрылымы басқарады. Алайда оның қызметі, Франциск жариялаған ашықтыққа қарамастан, әлі күнге дейін терең құпияға толы. Италияда евангелизм мен миссионерлік мәселелермен айналысатын курияның 9 қауымының бірі — халықтарды евангелизациялау жөніндегі қауымдар ғана 7 миллиард еуроға жуық жылжымайтын мүлікке тиесілі деп санайды.

Католик шіркеуінің барлық мүлкін санау өте қиын, өйткені оның саны керемет. Беделді *gruppo re* жылжымайтын мүлік агенттігінің бағалауы бойынша, Ватикан тек Апеннинде барлық мүліктің шамамен 20% иеленеді. Тек «коммерциялық емес» нысандар, яғни католик шіркеуі ондаған жылдар бойы ешқандай салық төлемеген жылжымайтын мүлік, Ватиканда 100 мыңға жуық. Олардың ішінде 8779 мектеп, 26300 шіркеу ғимараттары мен құрылыстары, 4714 ауруханалар мен ауруханалар, мыңдаған қонақ үйлер және т.б. бар. Италия үкіметінің экономистері есептегендей, оған салынатын салықтың өзі жылына 600 миллион еуроға дейін жетуі мүмкін [9].

Банкке қаржы салатын адамдар болғандықтан, Ватикан банкі де Италия ақсүйектерімен тығыз байланысты. Олардың арасындағы кейбірінің есімдері орта ғасырлар, жаңа заман кезінен бастап қазіргі кезге дейін жетіп отыр. Зерттеушілердің пікірінше, солардың бірі Натоли сонау IX ғасырдан бері танымал. Натоли тегінен герцогтар, маркиздер, барондар, көрнекті саяси және діни қайраткерлер шыққан. Бүгінгі күні Сицилиядағы ең ірі жер иеленушілер Натолилер болып табылады. Ал Джузелппе

Натоли (1815-1867) Италия ұлттық банкінің негізін қалады (1857), XIX ғ. Италияның бірігу үдерісінде маңызды рөл атқарса, Гвидо Натали ұзақ уақыт Сицилия банкіні басқарды. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап бұл отбасының іскерлік белсенділігі негізінен Миланмен байланысты болғандығын жазады [1; 41].

Ватикан тобы туралы айтқанда оның негізгі банкілерінің бірі Испанияның ірі қаржы мекемесі — Santander Bank екендігін ескерген дұрыс. Осы банк арқылы Ватикан тобының географиясы кеңейіп түсті. Атап айтқанда Испания арқылы Еуропаның бірнеше мемлекетіне орнықты және мұхит асып, Латын Америка елдеріне қаржы экспансиясын жүргізді. Өзінің тарихын 1857 жылдан бастайтын бұл банк арнайы зерттеуді қажет етеді. Сондықтан біз осы жерде Ватикан тобының Ротшильдтер мен Рокфеллерлер топтарымен де тығыз байланыста екендігін атап өтіп, солар жайлы айтуды дұрыс деп есептейміз.

Трансұлттық элиталардың екінші тобына Ротшильдтер жатады. Бұл топ Ватикан тобымен салыстырғанда анағұрлым жас болып есептеледі, өйткені ол XVIII ғасырдың екінші жартысында құрылған еді. Оның басында Майер Амшель Ротшильд (1744-1812) тұрды.

Алғашқы кезеңде Ротшильдтер қымбат металдар мен тастардың, қаржы пирамидаларының айналымдарын бақылауда ұстаумен айналысты. Ал Еуропа елдерінің отарлау саясаты кезінде, әсіресе британдық Ост-Инд компаниясы Шығыс елдерінің ресурстарын тонауды бастағанда Ротшильдтер банк құруды қолға алды. Атап айтқанда Бенгалия мен оның апиын өндіруші аймақтарын ағылшындар жаулап алғаннан кейін Ост-Инд компаниясы ағылшын үкіметінен Қытайды отарлау барысында апиын саудасы үшін монополиялық құқық алып, Қытайға да апиын әкеліп, сауда жасай бастады. Апиын саудасы өте табысты іс болып шықты. Ағылшындар қытай тауарлары үшін күміспен төлеуге мәжбүр болды. Ірі көлемде апиын әкелінуі тек қытай тауарлары үшін шығынды өтеп қоймай, сонымен қоса Қытайдан күмісті сыртқа шығаруға септігін тигізді. Міне, дәл осы кезеңде Ротшильдтер Англияның осы саясатын өздеріне тиімді пайдалана білді. Олар анаша саудасын жүргізетін HBSC банкіні құрып, сол арқылы анашадан басқа қымбат бағалы металдарды сатумен айналысып, өзіне жаһандық үдерістерді басқарудың жолын ашты.

Тауар-ақша схемасы арқылы Ротшильдтер нығая түсті. Мысалы, XIX ғ. Қытайда шәйді апиынға айырбастады. Осылайша Ротшильдтер банк империясын құрды.

Майер Ротшильд бес ұлын Еуропаның әртүрлі елдерінің астанасына жіберді. Сол кездің өзінде оның мақсаты бүкіл Еуропада бизнесті кеңейту болды. Әулеттің негізін қалаушының бес ұлы кейіннен Еуропаның ең ірі қалалары — Париж, Лондон, Вена, Неаполь, Франкфурт-на-Майнедегі банктерді басқарды. Уақыт өте Ротшильдтер тобы АҚШ-та орналасты. Олардың бизнес саласындағы қол жеткізген табыстары, үлкен трансұлттық корпорацияның құрылуына негіз болды. Сондай-ақ, әр мемлекеттегі Ротшильдтердің дамуында өзіндік ерекшеліктер болды. Ол туралы Ги де Ротшильд өз мемуарында өте жақсы жазған. Соның бір мысалын келтірейік: *«В отличие от лондонских Ротшильдов, парижская ветвь нашей семьи, начиная с 1870 года, широко инвестировала капиталы в индустрию, и в особенности большие капиталовложения были в железные дороги, шахты, производство и распределение электроэнергии и конечно же – в нефть»* [8; 189].

Зерттеушілердің көрсеткен мәліметтері бойынша қазіргі кезде әлемнің ең ірі бес банкі Ротшильдтерге тиесілі. Олар:

- француздық BNP (активтері 3 трлн долл.);
- шотландиялық корольдік банкі (2,7 трлн долл.);
- британдық HSBC Holdings (2,4 трлн долл.);
- француздық Credit Agricole 2,2 трлн долл.);
- британдық Barclays (2,2 трлн долл.) [1; 52].

Бүгінде Ротшильдтер тобын банк, мұнай саласы, қымбат бағалы тастар айналымынан басқа заманауи өнеркәсіптің салалары — биотехнология, жаңа энергетика, IT, экологиялық таза көліктер, қоршаған ортаны қорғау тәрізді бағыттар қызықтырады.

2019 жылғы «Битва миллиардеров: Ротшильды против Рокфеллеров — кто круче?» деп аталған мақалада Ротшильдтер тобы иеленген бизнес салаларының үлкен тізімі берілген. Олардың арасында банктер: «N.M. Rothschild & Son», «Rothschild & Cie Banque», «JNR Ltd», Rothschild AG; қорлар: Afficus Capital Inc (сақтандыру), «Atticus Capital» (хэдж-қор); компаниялар: Concordia B.V., «Сосьете д'инвестисман дю Нор», «Рио Тинто», «Англо-Американ Корпорэйшн оф Саут Африка», «De Biers», «Vanco International Limited»; RLM қонақ үйлері мен мейрамханалар желісі; Масс-медиа: «Пресс де ля Сите», «Либерасьон», BBC, Daily telegraph және тағы сол сияқтылар. Сонымен бірге Шату Мутон

және Шато Лафит қорғандары; Еуропаның территориясындағы 100 ден аса парктер мен бақтар кіреді деп жазылған [10].

Мамандардың пікірінше Ротшильдтердің көптеген активтері бар, сондықтан олардың байлықтары дәл есептеу мүмкін емес. Дегенмен, американдық Celebrity Net Worth интернет-басылымы Ротшильдтер отбасының жалпы капиталы қазіргі уақытта 350 миллиард доллардан астам екендігін көрсетеді. Ал кейбір сарапшылар Ротшильдтер отбасының жылжымайтын мүліктері мен банктік қызметінде 1 триллион долларға жуық қаражаты бар деп есептейді [11].

Трансұлттық элиталарға жататын Рокфеллерлер тобына тоқталатын болсақ, алдыңғы топтарға қарағанда ең жасы. Бұл топтың даңқын шығарған Джон Дэвисон Рокфеллер.

1870 жылы Джон Дэвисон Рокфеллер «Standard Oil» компаниясының негізін қалады. Бұл компания АҚШ-ғы индустрия көшбасшыларының біріне тез айналды. «Standard Oil» сонымен қатар темір-жол қатынасына, құбыр төсеуге, жеткізуге арналған вагон-резервуар тәрізді инфрақұрылымдарды дамытуға инвестиция құйды. Нәтижесінде 1870 жылдың аяғына қарай Джон Рокфеллер миллионерге айналды. Бизнесі осылай бастаған Джон Рокфеллер мұнай индустриясының негізінде заманауи корпорацияның ірге тасын қалады. Ол туралы Дэвид Рокфеллер былай деп еске алады: «... Дед успешно создал внутри одной системы единый процесс от получения нефти из скважины до доставки готовой продукции клиентам. «Стандарт ойл» была первой полностью интегрированной экономической системой. Это было самым крупным достижением дэда...» [8;15].

Джон Рокфеллер капиталистік монополиялардың бірі болып есептелетін трест тәрізді экономиканың пионері еді: әр штатта басқа штаттардың компанияларының қызметін шектейтін жеке корпорация заңдары болды. Ал 1882 жылға қарай «Standard Oil» «Standard Oil Trust» компаниясына айналды. Өйткені «Standard Oil Trust» — әр штаттардағы барлық басқарылатын құрылымдарын бақылайтын мега-корпорацияның жаңа түрі еді.

Осылайша дамыған Рокфеллерлер тобы өз белсенділіктерін үнемі дамытып отырды. 1920 жылдары Рокфеллерлер АҚШ-тың іскер топтарының сегіз ірі қаржылық және өнеркәсіптік тобының арасында Моргандардан кейінгі екінші орынды иеленді. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Рокфеллерлер өздерінің ықпал ету аясын едәуір кеңейтті. Солардың ішінде банк, қаржы салалары болды. Рокфеллерлер тобының қаржы орталығы АҚШ-тағы ең ірі банктердің бірі «Чейз Манхэттен» банкі болып табылады.

Интернет сайттарында Рокфеллерлер тобының қаржы саласымен байланысты мынадай мәліметтер кездеседі: «Сақтандыру бизнесінде Рокфеллерлер Metropolitan Life, Equitable Life, Prudential және New York Life компанияларын бақылайды. Рокфеллер банктеріне АҚШ-тың 50 ірі коммерциялық банктерінің барлық активтерінің 25%-ы және 50 ірі сақтандыру компанияларының барлық активтерінің 30%-ы тиесілі.

Бұлардан басқа Рокфеллер басқаратын компаниялардың арасында мыналар бар: Exxon Mobil, Chevron Texaco, BP Amoco, Marathon Oil, Freeport McMoRan, Quaker Oats, ASARCO, United, Delta, Northwest, ITT, International Harvester, Xerox, Boeing, Westinghouse, Hewlett-Packard, Honeywell, International Paper, Pfizer, Motorola, Monsanto, Union Carbide және General Foods» [12].

Жоғарыда аталғандардан басқа Рокфеллерлер құрған ең үлкен бес институт бар:

*Біріншісі Чикаго университеті.* 1890 жылы Джон Рокфеллер американдық баптисттердің білім беру қоғамына университетті құру үшін 600 000 доллар берді. 1900 жылға қарай қарапайым баптист колледжі әлемдегі ең ірі оқу орындарының біріне айналды.

*Екіншісі Рокфеллер университеті.* 1901 жылы Рокфеллер медициналық зерттеулер институты ретінде негізі қаланған бұл АҚШ-тағы ең көне биомедициналық зерттеу орталығы болып табылады. Бұл институтта 36 Нобель сыйлығының лауреаты жұмыс істеді.

*Үшіншісі Нью-Йорк заманауи өнер мұражайы.* 1929 жылы Джон Рокфеллердің әйелі Эбби өзінің екі құрбыларымен бірге Бесінші авеню бұрышындағы бөлмені жалға алып, сол жерде Ван Гог, Гоген, Сезанна және Сеураттың картиналарынан тұратын шағын көрме ашты. Он жылдан кейін Эббидің ұлы Нельсон Рокфеллер директорлар кеңесінің төрағасы болды, көп ұзамай мұражай 53-ші көшедегі қазіргі ғимаратына көшті.

*Төртіншісі Рокфеллер орталығы.* АҚШ-тың ұлттық тарихи ескерткіші, ар-деко — сәулет өнеріндегі ең үздік туынды және Манхэттеннің ең көрнекті орындарының бірі, қазіргі Рокфеллер орталығы 1930 жылдан 1970 жылға дейінгі аралықта салынған және ол 19 ғимараттан тұрады. Орталықта NBC телекомпания кеңсесі, Christie's аукцион үйі және әйгілі мұз айдыны орналасқан.

*Бесіншісі Линкольн орталығы.* Ол 1955-1969 жылдары салынған Нью-Йорктегі ең ірі мәдени орталық. Оның ондаған ғимаратында Метрополитен операсы, Нью-Йорк филармониясы, Нью-Йорк қалалық балеті, Джулиард музыка мектебі және басқа да көптеген мәдени мекемелер бар.

Аталған бес институттан басқа бұл отбасында 30 Rockefeller Plaza конференция орталығы және Рокфеллер орталығы бар. Осы жерде жыл сайын Рождество мерекесіне арналған шырша жағылады. Дэвид Рокфеллер Дүниежүзілік сауда орталығының мұнараларын салуға үлкен үлес қосты. Рокфеллер отбасының негізгі резиденциясы Нью-Йорктен тыс жердегі Rosatico Hills деп аталатын үлкен кешен болып табылады. Сонымен қатар Рокфеллерлер Манхэттендегі Бесінші авенюдегі 32 бөлмелі екі қабатты пәтерге, Вашингтондағы үйге, Венесуэладағы Monte Sacro ранчосына, Эквадордағы кофе плантацияларына, Бразилиядағы бірнеше фермаларға, Мэн штатындағы Seal Harbor-тағы жылжымайтын мүлікке және Кариб теңізіндегі, Гавай аралдарындағы және Пуэрто-Рико курорттарына ие [12].

XXI ғасырдағы Рокфеллерлер отбасын Ротшильдтер тобы тәрізді қаржы секторынан басқа заманауи өнеркәсіптің салалары — машина жасау, электротехникалық өнеркәсіп, IT саласы, жанартылатын энергия көздері, тағам өнеркәсібі қызықтырады.

### Қорытынды

Трансұлттық элиталардың ең басында, тұрған жоғарыда қарастырылған үш топ — Ватикан тобы, Ротшильдтер тобы және Рокфеллерлер тобы, байқағанымыздай халықаралық мәртебеге ие. Солай бола тұра әлі де жабық қаржы топтары болып есептеледі. Географиялық тұрғыдан негізгі орналасқан жерлері — Еуропаның Ұлыбритания, Франция, Германия, Ватикан мемлекеттері және АҚШ. Бірақ олардың қызмет өрісі кеңейгені соншалықты, әлемнің түкпір-түкпіріне жетіп, өз билігін экономика мен әлеуметтік салаға таратып отыр. Ендеше трансұлттық элиталардың халықаралық қатынастардағы маңызды акторлардың қатарында тұруы заңдылық.

Ұлттық мемлекеттердің саясатына трансұлттық элиталар трансұлттық корпорациялар арқылы қатысып келеді. Ендеше трансұлттық элиталар өздерін лоббистер рөлі ретінде емес, мемлекеттік саясатты үкіметпен бірлесе отырып жасаушы рөлінде көрсетіп отыр. Бұл жерде олар басты саяси субъект емес, керісінше мемлекет пен жеке бизнес арасындағы шекараны бұзушы рөлін атқарады. Сондықтан трансұлттық элиталардың үлкен саясаттағы орны мен рөлі туралы айту керек. Бірақ бұл мақаланың тақырыбы мен мақсаты трансұлттық элиталардың қалыптасуындағы негізгі топтарға арналғандықтан, келесі мақалада міндетті түрде трансұлттық элиталардың әлемдік саясатты басқаруға қатысуы туралы қарастыратын боламыз.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Кочетков А.П. Транснациональные элиты в глобальном мире / А.П. Кочетков. — М.: Изд-во «Аспект Пресс», 2020. — 208 с.
- 2 Ашин Г.К. Элитология: история, теория, современность: моногр. [Электронный ресурс]. / Г.К. Ашин. — М.: МГИМО–Университет, 2010. — 600 с. — Режим доступа: <https://klex.ru/n5u>.
- 3 Костин К.Б. Прямые иностранные инвестиции и транснациональные корпорации как потенциальные факторы экономического роста государств / К.Б. Костин, Е.А. Хомченко, А.Н. Бурмистров, Е.Ф. Меликова // Экономические отношения. — 2021. — № 4. — С. 633–664.
- 4 Skousen C. The Naked Capitalist / C. Skousen— Salt Lake City: Reviewer, 1970. — 144 p.
- 5 Robinson W. Theory of Global Capitalism: Production, Class, and State in a Transnational World / W. Robinson. — Boston, 2000. — 224 p.
- 6 Иванов В.Г. Транснациональная элита: концептуализация понятия [Электронный ресурс]. / В.Г. Иванов. — Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/transnatsionalnaya-elita-kontseptualizatsiya-ponyatiya>.
- 7 Вартумян А.А. Транснациональные элитные группы: группа Ватикан [Электронный ресурс]. / А.А. Вартумян. — Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/transnatsionalnye-elitnye-gruppy-gruppa-vatikan>.
- 8 Антология «мировой закулисы». — М.: Алгоритм, 2018. — 528 с.
- 9 Мануков С. Богатая церковь для бедных [Электронный ресурс]. / С. Мануков. — Режим доступа: <https://newizv.ru/news/world/21-07-2014/204998-bogataja-cerkov-dlja-bednyh>.
- 10 Сухов В. Битва миллиардеров: Ротшильды против Рокфеллеров — кто круче? [Электронный ресурс]. / В. Сухов. — Режим доступа: <https://moneymakerfactory.ru/spravochnik/rotshildyi-protiv-rokfellerov/>.
- 11 Кракова С. Власть денег: как Ротшильды купили мир [Электронный ресурс] / С. Кракова. — Режим доступа: <https://www.gazeta.ru/business/2018/09/25/11996011.shtml>.
- 12 Активы дома Рокфеллеров [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://smart-lab.ru/blog/116870.php>.

Г.М. Смагулова, Б.Т. Тулеуова, К.Т. Қарсыбек

## Некоторые аспекты формирования и проблемы основных групп транснациональных элит

Статья посвящена транснациональным элитам в мировой экономической политике, занимающим важное место в системе международных отношений. Многие исследователи в настоящее время по всему миру выделяют три основные группы транснациональных элит: Ватикан, Ротшильды и Рокфеллеры. Авторы рассмотрели формирование этих трех основных групп, стоящих во главе транснациональных элит, основные направления и некоторые аспекты проведения их финансовой политики в сфере бизнеса. История этих групп уходит корнями в далекое прошлое. По этой причине их социально-экономическая активность более высокая по сравнению с национальной экономикой. В современную эпоху глобализации сила национальной экономики государств связана с транснациональными компаниями. Другими словами, представители бизнес-элиты могут влиять на мировую экономику, менять её ход. Учитывая, что экономика государств напрямую связана с их политической, культурной и социальной сферами, важно знать, насколько значимую роль в этом процессе играют транснациональные компании и транснациональные элиты. В статье будут показаны некоторые аспекты этого вопроса.

*Ключевые слова:* международные отношения, глобализация, транснациональные элиты, транснациональные корпорации, группа Ватикан, группа Ротшильдов, группа Рокфеллеров.

G.M. Smagulova, B.T. Tuleuova, K.T. Karsybek

## Some aspects of the formation and problems of the main groups of transnational elites

The article is devoted to transnational elites in the world economic policy, which occupy an important place in the system of international relations. Many researchers around the world currently distinguish three main groups of transnational elites: the Vatican, the Rothschilds and the Rockefellers. The authors also consider the formation of these three main groups that are at the head of the transnational elites, the main directions and some aspects of their financial policy in the business sector. The history of these groups is rooted in the distant past. For this reason, their socio-economic activity is higher compared to the national economy. In the modern era of globalization, the strength of the national economy of states is associated with transnational companies. In other words, representatives of the business elite can influence the global economy and change its course. Given that the economies of states are directly related to their political, cultural and social spheres, it is important to know how significant the role of transnational companies and transnational elites in this process is. The article will show some aspects of this issue.

*Key words:* international relations, globalization, transnational elites, transnational corporations, Vatican group, Rothschild group, Rockefeller group.

### References

- 1 Kochetkov, A.P. (2020). *Transnatsionalnye elity v globalnom mire* [Transnational elites in the global world]. Moscow: Izdatelstvo "Aspekt Press" [in Russian].
- 2 Ashin, G.K. (2010). *Elitologiya: istoriya, teoriya, sovremennost: monografiya* [Elitology: history, theory, modernity: monograph]. Retrieved from <https://klex.ru/n5u> [in Russian].
- 3 Kostin, K.B., Khomchenko, E.A., Burmistrov, A.N., & Melikova, E.F. (2021). *Priamnye inostrannye investitsii i transnatsionalnye korporatsii kak potentsialnye faktory ekonomicheskogo rosta gosudarstv* [Foreign Direct Investments and Transnational Corporations as Potential Factors in the Economic Growth of States]. *Ekonomicheskie otnosheniia — Economic relations*, 4, 633–664 [in Russian].
- 4 Skousen, C. (1970). *The Naked Capitalist*. Salt Lake City: Reviewer
- 5 Robinson, W. (2000). *Theory of Global Capitalism: Production, Class, and State in a Transnational World*. Boston.
- 6 Ivanov, V.G. *Transnatsionalnaia elita: kontseptualizatsiia poniatiia* [Transnational elite: conceptualization of the concept]. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/transnatsionalnaya-elita-kontseptualizatsiya-ponyatiya> [in Russian].
- 7 Vartumian, A.A. *Transnatsionalnye elitnye gruppy: gruppy Vatikan* [Transnational elite groups: the Vatican group]. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/transnatsionalnye-elitnye-gruppy-gruppy-vatikan> [in Russian].
- 8 (2018). *Antologiya "mirovoy zakulis"* [Anthology of the "world behind the scenes"]. Moscow: Algoritm [in Russian].
- 9 Manukov, S. *Bogataia tserkov dlia bednykh* [A rich church for the poor]. Retrieved from <https://newizv.ru/news/world/21-07-2014/204998-bogataja-cerkov-dlja-bednykh> [in Russian].
- 10 Sukhov, V. *Bitva milliarderov: Rotshildy protiv Rokfellerov — kto kruche?* [Battle of the Billionaires: Rothschilds vs. Rockefellers – who is tougher?]. Retrieved from <https://moneymakerfactory.ru/spravochnik/rotshildyi-protiv-rokfellerov/> [in Russian].
- 11 Krakova, S. *Vlast deneg: kak Rotshildy kupili mir* [Power of money: how the Rothschilds bought the world]. Retrieved from <https://www.gazeta.ru/business/2018/09/25/11996011.shtml> [in Russian].
- 12 *Aktiv doma Rokfellerov* [Assets of the Rockefeller House]. Retrieved from <https://smart-lab.ru/blog/116870.php> [in Russian].